



2002 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 наурыз N 377

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі;

2) өкілдік шығындардың нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 30 наурыздағы
N 377 қаулысымен
бекітілген

2002 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдаланудың тәртібін анықтайды.

2. Өкілдік шығындар - республикалық бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне шетелдік

делегацияларды қабылдауға, кеңестер, семинарлар, салтанатты және ресми іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министрінің және Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезінде өкілдік мақсаттарға бөлінетін қаражат.

Өкілдік шығындарға:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінде көзделген жағдайларда іс-шараларға қатысу үшін Қазақстан Республикасына шақырылатын адамдардың қонақ үйде тұруына және белгіленген пунктіне дейінгі көліктік шығындарына ақы төлеуге;

2) ресми түстіктерге, кешкі астарға, кофе-брейктерге, фуршеттерге;

3) ресми қабылдаулар өткізу кезіндегі музыкалық сүйемелдеуге;

4) кәдесыйлар, ескерткіш сыйлықтар сатып алуға;

5) автокөліктік қызмет көрсетуге;

6) аудармашылардың қызметіне ақы төлеуге;

7) залды жалға алуға;

8) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі рұқсат еткен өзге де шығыстарға арналған шығындар жатады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы
N 661

P020661_

қаулысымен.

2. Өкілдік шығындарға бөлінетін республикалық бюджеттің қаражатын пайдаланудың тәртібі

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде және 2002 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығындарға көзделген қаражаттың көлеміне сүйене отырып, өкілдік шығындарды талап ететін жылдық іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - Жоспар) жасайды.

Мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде күтпеген іс-шараларды өткізудің саяси маңызы мен бөлінген қаражат көлемін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспарды жыл бойында түзете алады.

4. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің 2002 жылға арналған республикалық бюджетте өкілдік шығындарға қаражат бөлу туралы өтініштерін

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

- 1) іс-шараны өткізу қажеттілігінің негіздемесі;
- 2) деңгейі мен форматы бойынша делегацияның болу бағдарламасы;
- 3) іс-шараға дайындалудың және оны өткізудің жұмыс жоспары;
- 4) іс-шараға қатысушылардың іс жүзіндегі санын растайтын құжаттар;
- 5) шығыстардың әрбір бабының негіздемесімен бірге шығыстар сметалары;
- 6) осы Ереженің 3-тармағына сәйкес Жоспарда тиісті іс-шара болған кезде қарайды.

5. Осы Ереженің 2-тармағының 3), 4), 7) тармақшаларында белгіленген өкілдік шығындар бойынша республикалық бағдарламалардың әкімшілері көрсетілген қызметтерді ұсынатын ұйымдар қызметтерінің құны мен деректемелерін көрсете отырып, заңнамада белгіленген тәртіп сақталғандығын растайтын құжаттарды ұсынады.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Жоспардың және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтініштері негізінде осы қаулымен бекітілген өкілдік шығындардың нормаларына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне өкілдік шығындарға қаражат бөлуді жүзеге асырады.

7. Өкілдік шығындарға қаражат бөлу туралы шешім Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімімен ресімделетін Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министрінің және Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезінде өкілдік мақсаттарға қаражат бөлу жағдайларынан басқа, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бұйрығымен ресімделеді.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы
N 661 P020661_ қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімі немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің бұйрығы негізінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджет бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді:

Қазақстан Республикасының аумағында және аумағынан тысқары жерлерде өкілдік шығындарды жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 042 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша жоспарлы арналымдарды азайтуды және республикалық бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісінің 023 "Өкілдік шығындарға арналған қаражаттың есебінен іс-шаралар өткізу" бағдарламасы бойынша жоспарлы арналымдарды ұлғайтуды жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы
N 661 P020661_ қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының аумағындағы өкілдік шығындарды қаржыландыру

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

10. Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министрінің және Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезінде өкілдік шығындарға қолма-қол шетелдік валюта бөлу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

бөлінген қаражатты айырбастау үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Астана қаласының Қазынашылық басқармасында валюталық шот ашады;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Орталық филиалы Астана қаласы Қазынашылық басқармасының өтініші бойынша шетел валютасын айырбастауды жүргізеді және оның корреспонденттік (валюталық) шотына есептейді;

Астана қаласының Қазынашылық басқармасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалының үзінді көшірмесінің негізінде шетелдік валютаны Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің валюталық есептеуді жүргізеді;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ай сайын 10-күніне дейін тиісті айға арналған жоспарлы арналымдарға баламалы сомада келесі күнтізбелік айға қолма-қол шетел валютасын алуға Астана қаласының Қазынашылық басқармасына өтінім жолдайды;

өкілдік шығындарға қаражат бөлу туралы қабылданған шешімнің негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қолма-қол шетел валютасын алуға арналған сенімхатты беру үшін ресми делегацияның құрамына кіретін адамды көрсете отырып, Астана қаласының Қазынашылық басқармасына хат жолдайды. Астана қаласының Қазынашылық басқармасы Сыртқы істер министрлігінің хатында көрсетілген адамға Ұлттық Банктің Астана қаласындағы Орталық филиалынан қолма-қол шетел валютасын алуға сенімхат береді.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы
N 661 P020661_ қаулысымен.

3. Есептілік және бақылау

11. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілдік шығындарға бөлінетін қаражаттың жұмсалыуына бақылауды жүзеге асырады.

12. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен өкілдік шығындарға қаражат алған адамдар іс-шаралар өткізілгеннен кейін 5 күннің ішінде бірінші басшының (оны алмастыратын тұлғаның) қолы қойылған:

1) осы Ереженің 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өзге де шығындар бойынша шешімін;

2) тиісті тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді сатқан ұйымның мөрімен расталған сатып алынған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтер көрсетудің құны мен көлемін көрсете отырып, растайтын құжаттарды (түбіртектерді, шот-фактураларды,

жүк құжаттарды) қамтитын бөлінген қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті ұсынуы тиіс.

Осы Ереженің 10-тармағымен анықталған тәртіппен бөлінетін қаражат бойынша есеп беретін тұлға үш банктік күннің ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің валюталық шотына пайдаланылмаған ақшаның сомасын қайтарады және оған Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары бекіткен немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шетелдік сапарлары кезінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары бекіткен,

елтаңбалық мөрмен расталған өкілдік мақсаттарға арналған шығындар жөніндегі актіні, сондай-ақ қолма-қол қаражатты қайтару туралы түбіртектері және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Орталық филиалының кіріс ордерін ұсынады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы
N 661

P020661_

қаулысымен.

13. Өкілдік шығындарға бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуына жауапкершілік қаражат алушыға жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 30 наурыздағы
N 377 қаулысымен
бекітілген

Өкілдік шығындардың
нормалары

Шығындардың атауы

Құны, теңгемен

1. Ресми түстіктерді, кешкі астарды өткізуге арналған шығындар делегация үшін күніне бір адамға арналған есеппен жүргізіледі; 6500-ге дейін
Қазақстан Республикасының Президенті

- мен Премьер-Министрінің қатысуымен
ресми түстіктерді, кешкі астарды өткізуге
күніне бір адамға арналған есеппен 12500-ге дейін
2. Келіссөздер, мәдени бағдарламалар
іс-шаралары кезіндегі күніне бір адамға
арналған буфеттік қызмет көрсету 1 040-қа дейін
3. Делегацияны қабылдайтын мемлекеттік
органның штатында жоқ аудармашының
еңбегіне ақы төлеу (ілеспе аудармадан
басқа) сағаттық ақы төлеу есебімен 700-ге дейін
4. Шетелдік делегацияларға автомобиль
көлігімен қызмет көрсету шығындарына
ақы төлеу сағаттық ақы төлеу есебінен
шығыстар сметаларында көзделеді 1200-ге дейін
-

Ескерту:

1. Ресми түстіктерді, кешкі астарды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының тарапынан қатысушылардың саны шетелдік делегациялардың тарапынан қатысушылардың санынан аспауы тиіс.

2. Делегацияның құрамы 5 адамнан артық болған кезде делегацияға қызмет көрсететін (ілеспе аудармадан басқа) ілесіп жүретін адамдар мен аудармашылардың саны делегацияның 5 мүшесіне кемінде 1 аудармашы немесе ілесіп жүруші есебімен айқындалуы тиіс.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.